

ТАБИҒИ ГАЗ ТҰРМЫСТА. АБАЙ БОЛЫҢЫЗДАР!

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Ақтөбе өндірістік филиалы (өрі қарай – «ҚТГА» АҚ АӨФ) тұрмыста газды қауіпсіз пайдалану бойынша талаптарды сақтау туралы газ тұтынушыларын ескертеді.

Барлық жағдайларда, оқиғалардың себептері болып газ пайдаланушы қондырғыларды пайдалану кезінде тұтынушылардың қауіпсіздік талаптарын бұзуы мен салғырт қарауы табылады:

- газ қондырғылардың құрылымын өзгерту;
- өз бетімен газдандыру, газ қондырғылардың орнын ауыстыру, жөндеу және ауыстыру;
- реттеу және қауіпсіздік автоматикасын болмауы немесе ақаулығы;
- түтіндіктерде тартудың болмауы;
- газдан қадағалайтын сигнализатордың қосусыз болуы.

Тұншықтырғыш газбен улану УГОП-16 жылыту пештерін пайдалану кезінде жиі болады. Әдетте, тұтынушылар пештің жағдайын қадағаламайды, түтіндіктердегі тартымды да тексермейді. Пештердің жарықшақтары арқылы немесе түтіндіктерде тартымның болмауының саодарынан тұрғын үй-жайларға улы газ кіреді. Осыған байланысты АӨФ УГОП-16 жанарғыларымен жылтыту пештерін қауіпсіздік автоматикасы бар жылыту қазандықтарына ауыстыруды ұсынады, олар түтін жолдарында тартым болмаған жағдайда газ беруді тоқтатуды қамтамасыз етеді.

Газ қазандықтарын қауіпсіз пайдалану мақсатында газдандырылған үй-жайларда газдылықты бақылау жүйесі қарастырылған, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 9 қазандағы № 673 бұйрығымен бекітілген, «Газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздігі бойынша Талаптардың» 7-бөлімінің 233-тармағына сәйкес тұтынушылар Газдану сигнализаторларын орнатуға міндетті. Газдану сигнализаторлары СЗ-1, СЗ-2 табиғи газ (метан), көміртек оксиді (II) (улы газ) концентрациясын бақылауға арналған.

2012 жылғы 9 қаңтардағы №532-IV «Газ және газбен жабдықтау туралы» ҚР Заңы 19 бабы сәйкес:

- 3-тармақ - газ тұтыну жүйелерінің және газ жабдықтаушыларының ішкі (тұтынушылары) олардың тиісті техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті.
- 3-тармақ - коммуналық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылар тауарлық немесе сұйытылған мұнай газын беруді жүзеге асыратын газ тарату немесе газ желісі ұйымымен не газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталған, мамандандырылған тәуелсіз ұйыммен өздеріне тиесілі газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуге арналған шарт жасасуға міндетті.

5- тармақ коммуналық - тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелері мен газ жабдықты оларға техникалық қызмет көрсетуге шарт жасалатын пайдалануға тыйым салынады.

Осыған байланысты газды тұтынушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталған, газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын тәуелсіз мамандандырылған ұйыммен газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуге шарт жасасуы қажет.

Осы талаптар орындалмаған жағдайда және ҚР «Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңының 17-бабы 9-тармағының негізінде, «Газ тарату ұйымы мынадай жағдайларда бұзушылықтар жойылғанға дейін тұтынушыға газ беруді біржақты тәртіппен тоқтатуға құқылы:

- 1) тұтынушының газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздік ережелерін бұзуы;
- 2) газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің техникалық ақауы;
- 3) тұтынушының газ жабдығын өз бетімен қосуы;
- 4) газ тасымалдау немесе газ тарату немесе газ желісі ұйымының өкілдерін газ құбырларына, газ жабдығына және есепке алу аспаптарына жібермеу;
- 5) тауарлық немесе сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу шартына сәйкес берілген тауарлық немесе сұйытылған мұнай газына дебиторлық берешек болған жағдайларда жүргізіледі.

«ҚТГА» АҚ АӨФ «Газ және газбен жабдықтау туралы» ҚР Заңының 30-бабы «Газбен жабдықтау жүйелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету»,

- 4 - тармағына сәйкес - Түтін және желдету каналдарының, ғимарат-

тардың, үй-жайлардың инженерлік коммуникацияларының кірмелерін тығыздағыштардың иелері олардың жарамды техникалық жағдайын қамтамасыз етуге міндетті;

- 6 - тармағына сәйкес, 1.19.6 - тарау: желдету және түтін арналары тұрғын үйлердегі табиғи газбен жабдықтау жүйелерін техникалық пайдалану ережелерін мерзімді тексеруден өтуі тиіс:
- жылыту маусымының алдында маусымдық жұмыс істейтін газ аспаптары мен аппараттарының түтін құбырлары;
- 12 айда кемінде 1 рет - кірпіш, асбестцемент, қыш, ыстыққа төзімді бетонның арнайы блоктарынан жасалған түтін құбырлары, сондай-ақ желдеткіш арналары.

Желдеткіш және түтін шығаратын каналдардың техникалық жай-күйін тексеруді иесінен (тұтынушыны) қатысуымен мамандандырылған ұйым жүргізеді.

Түтіндіктерді тексеруді мынадай ұйымдар жүргізеді:

- Ақтөбе ОС ДПО Пожарная к-сі, 31, тел. 40-16-99
- «Асыл-Зат» ЖШС Ибатов к-сі, 55-33, тел. 51-43-40
- «Пож-Сервис» ЖШС 312 атқыштар дивизиясы даңғ., 24, тел. 50-40-73
- «Іскер Маман» ЖШС Қандығаш қаласы, тел. 8-705-590-33-68
- «Каз Нац Газ» ЖШС, Мәртөк ауылы, Әуезов көшесі, 48 тел. 24-70-89

- «Шамшырақ» ЖШС тел. 73-64-72
- «Кублашов» ЖК Шалкар қ. 8 (71335)77-8-35
- «Ари-Дар» ЖШС, Металлургов көшесі, 30. Тел.: 50-75-87
- «НацГазАймақ» ЖШС, Заводская көшесі, Тел.: 71-21-46

Түтіндік және желдеткіш арналарын тексеріп және тазалап, мамандандырылған ұйымның түтіндік және желдеткіш арналарын кезекші тексеру Актисін алғаннан кейін, тұтынушы екінің данасын «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ АӨФ немесе тұрғылықты жері бойынша аудандық газ шаруашылығына тапсыруы қажет.

Тұтынушыларға тыйым салынады:

- үйге өз бетімен газ кіргізуге, орнын алмастыруға, газ жабдықтаушылар ауыстыру және жөндеуге.
- қауіпсіздік және реттеу автоматикасын айыруға.
- газ жабдықтаушы және автоматика ақауы болған кезде, түтіндік тартылу болмағанда газды пайдалануға.

- Газды және газ жабдықтаушы міндетіне сәйкес емес пайдалануға. Газ плитасын ғимаратты жылыту үшін пайдалануға.
- Газ жабдықтаушы орнатылған ғимаратты ұйықтау және демелу үшін пайдалануға.

- газдандырылған пештер мен мұржалардың тығыздығын қалау, сылақ (жарықтар) бұзған жағдайда газды қондыруға.
- Мамандандырылған ұйымдардың түтіндіктер және желдету арналарын мерзімді тексеруге берілген актілерінің әрекет мерзімі аяқталған соң газды пайдалануға
- Үздіксіз жұмысқа саналған және осы үшін арнайы автоматикасы бар жұмыс жасап тұрған газ аспаптарын қалдыруға.

- Газдың шығуын анықтау үшін ашық отты пайдалануға.
- Өзі іс-әрекеттерін бақылай алмайтын және бұл аспаптарды қолдану ережелерін білмейтін мектепке дейінгі жастағы балаларды газ аспаптарын пайдалануға жіберуге.
- Ғимараттарда және жергіліктерде бос және тоқтырылған сырылған газ баллондарын сақтауға.
- Газ пайдалану құралдары орнатылған бөлмеде газдану дабылқаққыштарын сөндіруге.
- Тұтынушыларға қажет:

Қыс айларында түтіндіктің бас жағына мұз қатып қалу және бітеліп қалу салдарын болдырмау мақсатында оны жиі тексеріп тұру қажет.

Газ жабдығында ақау болғанда, Сізбен жасалған келісім-Шартқа сәйкес үйішілік газ жабдықтаушы техникалық қызмет көрсетуге Аттестаты бар ұйымдарға, сондай-ақ газ шаруашылығының аппаратқызметінің телефондарына жолығуды сұраймыз:

Ойыл ауданы Ойыл п. — тел. 8- (код 71332)-2-15-59; 104 Ойыл селосы Көкжар көшесі №52

Көшелер бойынша, тұрғын үйлердің аландары бойынша өткен кезде бейжай қалмаңыз және қырағылық жоғалтпаңыз. Газдың иісін анықтаған кезде дереу 104, 50-12-43, 50-45-23 телефондары бойынша қоңырау шалыңыз. АӨФ авариялық — диспетчерлік қызметі тәулі бойы жұмыс істейді.

Есіңізде болсын, газдың шығуы жарылысқа, өртке және адамдардың өліміне алып келуі мүмкін. Дер кезінде қоңырау шалу өмірін, денсаулығы мен мүлкін сақтап қалуға мүмкіндік береді.

АСАН ҚАЙҒЫНЫҢ ІНІСІ АДАҚ БАТЫР



Адақ батырдың өмірінде жұрт таңырқарлық ерекше үш едет болыпты. Бірінші едеті — өзіне төн атын кім мінсе де қоймайды. Қиналғанына ренжімейді. Екінші едеті — сыйлы қонақта, тойда, аста алдына қандай тағам қойылса да талғамай, жей береді. Үшінші едеті — жауға қарсы жорықтарда, басқа да шабуылдарда күші басым құрулы топтан қаймықпайды.

Ел адамдары батырдың бұл едеттерін елденеше рет сынап байқады, бос өз емес, шын екендігін іс жүзінде анықтады. Ақырында сондай іске едеттенуіне не себеп болғанын батырдың өзінен сұрады. Бұл сұраққа ол тұжырымды жауап қайырды. — Бірде жалғыз өзім жазық далада келе жаттым, — деп бастады ол сөзін, — күн кешейді. Атымын түстім де, екінді оқыдым. Намазымының екі басын оқығанда, атым жүріп кетті. Ол үшін намазымды бұзғаным жоқ, қалған екі басын оқып, артыма қарасам, атым көрінбейді. Мүлде ұзап кетті. Күн батып, қас қарайды. Көй-мен, жау жүріп қажыдым. Манайда тірі жан жоқ. Жапан далада жатып, тынығуға тура келді. Таңертең тағы іздедім, таба алмадым. Құлын күнінен өзім күтіп өсірген, қандай жағдайда болса да өзіме серік бола алады деп сенген атым төрт бас намазымды аяқтауыма қарайма, айдалаға қаңғытып тастап кетті. Сол опасыздыққа налыған кезімде: «атымды есімшімен қорымасын, кім мініп қинаса да лем демеспін» деп серт еткенмін. Бір күн, бір түн ел таппай,

Ерліктері айналмайтын елеске АТЫРАУДЫҢ апыбының бәрі есте...Т.Досымов

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДА ТЕНДЕСІ ЖОҚ ТЕМІР САУЫТТЫ БАТЫР ТАБЫЛДЫ

«АТЫРАУ ОБЛЫСЫ ТАРИХИ ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ МАМАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗЫЛҚОҒА АУДАНЫ, МИЯЛЫ ҚОРҒАНДАР ТОБЫНЫҢ 3 ҚОРҒАНЫНА ЖАСАҒАН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚАЗБА ЖҰМЫСТАРЫ БАРЫСЫНДА БАТЫР МҮРДЕСІ АНЫҚТАЛҒАН. МАМАНДАРДЫҢ АЙТУЫНША, БҮЛ – АРХЕОЛОГИЯДАҒЫ АСА МАҢЫЗДЫ ЖАҒАЛЫҚ», ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІ.



Қазақстан аумағында тұңғыш рет кездесіп отырған мұндай тарихи құндылық Атырау облысының өкімі Махамбет Досмұхамбетовтің назарынан тыс қалмады. Аймақ басшысы Атырау облысы тарихи-өлкетану музейіне арнайы барып, батыр мүрдесін көрді.

Басынан аяғына дейін өте ерекше үлгідегі темір сауытпен жабдықталған адам қаңқасының ұзындығы - 175 см. Ал табылған қабірдің ұзындығы – 2 м 40 см, ені - 80 см. Сондай-ақ, мүрдемен бірге ұзындығы 1 метр болатын семсері, жебе ұштары мен қорамсағы, қорғану қалқаны, патера, ат өзбелдері және тағы да басқа көптеген жәдігерлер табылған. Зерттеу жұмыстары халықаралық дәрежедегі қалпына келтіруші, «Қырым аралы» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы Қырым Алтынбековтің басшылығымен жүргізілуде. Оның айтуынша, мұндай тарихи жәдігер өте сирек кездеседі.

- Табылып отырған адамды «темір адам» деп атауымызға да болады. Өйткені адам мүрдесі басынан аяғына дейін темір сауытпен жабдықталған. Өрпектеріне Соған қарағанда, жауынгер болуы өбден мүмкін. Бізді таң қалдырғаны – темір сауыттың ұрланбай сақталғаны. Мұндай дүниелердің мыңдаған жылдар бойы ұрылардың тимері, сақталуы – өте сирек кездесетін жағдай. Қазақстанда дәл осы іспеттес тарихи құндылық әлі бірде-бір рет табылған жоқ, - деді Қырым Алтынбеков.

АСКАТ АЙМАҒАМБЕТОВ: «КОЛЛЕДЖ ПЕДАГОГТЕРІ БІЛІКТІЛІК САНАТТАРЫ ҮШІН ҚОСЫМША АҚЫ АЛАТЫН БОЛАДЫ»

Осы жылдан бастап колледж оқытушылары біліктілік санаттарын көтеріп, біліктілік санаты берілгеннен кейін лауазымдық жалақысының 30-дан 50 пайызына дейін қосымша ақы алатын болады. Бұл туралы ҚР Білім және ғылым министрі Асқат Аймағамбетов техникалық және кәсіптік білім берудің 80 жылдығына арналған іс-шара барысында мәлімдеді.

Ведомство басшысының айтуынша, бұған дейін біліктілік санаттары үшін қосымша төлемдерді тек мектеп мұғалімдері алған болатын. «Педагог мәртебесі туралы» Заңның қабылдануымен колледж педагогтері де біліктілік санаты берілгеннен кейін ай сайын қосымша ақы алатын болады.

«Мемлекет басшысының қолдауымен 2020 жылдың қаңтар айынан бастап колледж педагогтерінің жалақысы артты, алдағы жылдары да арта түспек. Біліктілік санаты үшін педагогтерге қосымша ақы төлеу мәселесі көп жылдар бойы көтерілген болатын. Егер мектептерде мұғалімдер біліктілік санаттары үшін қосымша ақы алса, колледждерде мұндай үрдіс болған жоқ. Енді колледж педагогтері де ай сайын лауазымдық жалақысының 30-дан 50 пайызына дейін қосымша ақы алатын болады. Өз кезегінде колледж директорлары мен директор орынбасарларының атқарған жұмысының тиімділігіне байланысты өз жалақысының 100 пайызына дейін қосымша ақы алу мүмкіндігі бар. Бұл әріптестерімнің жұмысқа деген ынта-жігерлері мен жұмыстың тиімділігін арттыра түспек», — деп атап өтті министр.

Колледждерді суранысқа ие 100 мамандық бойынша жаңғырту және білікті мамандар даярлаудың халықаралық тәжірибесін енгізу мақсатында «Жас маман» республикалық жобасы іске асырылып жатқаны белгілі. Министрдің айтуынша, аталған бағдарлама шеңберінде қазақстандық колледждерге техникалық құрал-жабдықтар сатып алып қалуға қоймай, білім беру бағдарламаларын да жаңарту жоспарланған.

«Жас маман» бағдарламасы – Елбасының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан теңдессіз бағ-

АСКАТ АЙМАҒАМБЕТОВ: «ПЕДАГОГИ КОЛЛЕДЖЕЙ БУДУТ ПОЛУЧАТЬ ДОПЛАТЫ ЗА КВАЛИФИКАЦИОННЫЕ КАТЕГОРИИ»

Начиная с этого учебного года, преподаватели колледжей будут получать квалификационные категории и получать доплаты от 30 до 50 процентов от должностного оклада после присвоения квалификационной категории. Об этом сообщил Министр образования и науки РК Асқат Аймағамбетов в ходе мероприятия, посвященного 80-летию системы технического и профессионального образования.

По словам главы ведомства, ранее доплаты за квалификационные категории получали только школьные учителя. С принятием Закона «О статусе педагога» теперь и педагоги колледжей будут ежемесячно получать доплаты.

«Благодаря поддержке Главы государства с января текущего года увеличена заработная плата педагогов колледжей, она будет увеличиваться и в последующие годы. В течение долгого времени постоянно поднимаются вопросы по доплатам педагогам ТУПО за квалификационные категории. Если учителя школ получали доплаты за квалификационные, то в колледжах таких доплат не было. Теперь и педагоги колледжей будут ежемесячно получать доплаты от 30 до 50 процентов от должностного оклада. В свою очередь, директор и заместители директоров колледжей также будут получать доплаты в зависимости от эффективности работы до 100 процентов от своего оклада. Это будет стимулировать повышение эффективности работы наших коллег», — подчеркнул министр.

С целью модернизации колледжей по 100 наиболее востребованным профессиям и внедрения междунаrodnogo опыта подготовки квалифицированных специалистов идет реализация республиканского проекта «Жас маман».

«Программа «Жас маман» — это беспрецедентная программа, которая реализуется благодаря инициативе Елбасы в 180 колледжах страны. В рамках программы предусмотрено не только приобретение оборудования, но и обновление обра-

Пресс-служба МОН РК

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07. Газетте жарияланған мақала авторының пікірін редакцияның көзқарасы қабіспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1601 дана. Тапсырыс №1290 Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

АУДАДА БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНЫҢ ЖӘРМЕНКЕСІ ӨТТІ

Бос жұмыс орындар жәрмеңесіне Ойыл ауданының мекеме басшылары мен округтердегі мектеп, балабақша басшылары қатысып, жұмыссыз азаматтарды қабылдады. Қазіргі таңда от жағушы мамандығы бойынша 93 бос жұмыс орны болса, мекемелерде киім ілуші қызметіне 15 бос орын бар. Сонымен қатар Ж. Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебіне 1 автобус жүргізушісі және Ойыл қазақ орта мектебіне информатика, ағылшын тілі мамандарына бос орындар бар. Аталған қызметтер бойынша жұмыссыз азаматтар «Жұмыспен қамту орталығының» қызметкерлеріне тіркеліп өтініш хаттарын толтырды. Округтегі мектептер мен балабақшаларға жылу беру маусымының басталуына байланысты от жағушылар мен киім ілушілерге бірнеше



орындар қарастырылған. Мекеме басшылары өңімелесу барысында, қабылдауға келген жұмыссыз азаматтарға жұмыстың толық жүру барысын түсіндіре отырып, жеке құжаттарымен танысып шықты.

ҚҰРМЕТТІ ОЙЫЛ АУДАНЫ БІЛІМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ!

Сіздерді 10-шы қазан «Кәсіподақтар күні» мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! «Кәсіподақтардың негізгі міндеті – еңбеккер мен жұмыс берушілер арасында туындайтын мәселелерді дер кезінде шешу, барлық тараптармен тығыз ынтымақтастықта болу. Бұл ретте жұмысшылардың еңбек құқықтарын қорғауға бағытталған әлеуметтік диалогтың жаңа түрлерін дамыту маңызды» - деп, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, кәсіподақтардың басты мұраты, негізгі мақсат-мүддесі бұл – еңбек ұжымдарындағы тұрақтылықты сақтау, жалпы жұмысшы мен жұмыс берушінің арасындағы алтын көпір ретінде өз функциясын орындау болып табылады. Азаматтық қоғамның тірегі болғандықтан, мемлекеттік саясатты одан өрі дамыту барысында, Елбасымыздың ұстанған сарабал саясатымен өз тарапымыздан алға қойған мақсаттарымызды жүзеге асыру үрдісін жалғастыруға міндеттіміз. Әлемдік коронавируc пандемиясы ушығып, еліміздің басына түскен сын сағаттарда кәсіподақтар халқымыздың еңсесін көтеріп, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын тұрақтандыру жолында тиісті орындармен бірлесіп қимылдап, игі шараларға белсене атсалысты. Білім саласы кәсіподақ комитетіне мүше білім қызметкерлері мен ұстаздар қауымы, сондай-ақ, осы салада еңбек етіп жүрген кіші қызметкерлер өздерінің шығармашылық және кәсіптік мұқтаждарын жүзеге асыруда бұл ұйымның қамқорлығын сезініп келеді. Кәсіподақ қызметінің жандануына, жаңғыруына адал қызмет етіп жүрген барша жанашыр әріптестерімізді, кәсіподақ мүшелерін тұл мерекесімен құттықтай отырып, елімізде тыныштық болып, қызметтеріңізге толағай табыстар тілей отырып, еңбектеріңіз жана берсін демекшім!

Г. ИЗБАГАМБЕТОВА,
Ойыл аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрайымы.

КӘСІПОДАҚ КҮШІ БІРЛІКТЕ!

Ойыл аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен 10-қазан - Кәсіподақ күні мерекесіне орай «Бастауыш кәсіподақ ұйымының жұмысын тиімді ұйымдастыру жолдары» атты семинар өтті. Семинар жұмысына бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағалары, кәсіподақ белсенділері қатысты. Кез келген кәсіптік одақтың күш-қуаты оның бастауыш ұйымдарының қандай болуына, олардың әрбір еңбекшінің құқықтары мен мүдделерін тиімді де белсенді түрде қорғалуын қамтамасыз етуіне тікелей байланысты. Бастауыш кәсіподақ ұйымдарының рөлі мен беделін, олардың қызмет тиімділігін арттыру мәселелері ерекше маңызды екені күн тәртібінен тусуепті, - деді кәсіподақ төрайымы Г. Избагамбетова. Семинар соңында «Ұздық кәсіподақ ұйымы-2020» байқауының жеңімпаздары анықталып, Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясына І дәрежелі дипломмен, 50 000 мың теңге сертификат, Ж.Жүсібалиев қазақ орта мектебіне ІІ дәрежелі диплом, 40 000 мың теңге сертификат, ІІІ орынға Ойыл қазақ орта мектебіне 30 000 мың теңгенің сертификаттары табысты етілді. Сондай-ақ, барлық белсенді бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағаларына бағалы сыйлықтар мен сыйақы табысты етілді.

Алғыс білгіремін!

Жаз айында кенеттен балам Қуаныш жол апатына түсіп, қиындыққа тап болды. Қатты жарақат алған балама күрделі ота жасалды, өлең емдеу курсы жалғасуда. Ем-дом шаралары айтарлықтай қаржыны талап ететіндігін жасырын емес. Осы орайда басымна қиындық ісі түскенде қаржылай көмек қолын созған Ойыл аудандық білім қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымына алғыс білдіремін. Еңбектеріне жеміс пен табыс тілеймін.

Ізгі ниетпен: **білім қызметкерлері кәсіподағының мүшесі Луиза Қүздібаева**

Құттықтауымыз!

Ойыл ауданы, Құрман орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Қыстаубаева Ақтоты Тұрғанбайқызы «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды.



ЕЛЕНГЕН ЕҢБЕК

Ұстаз еңбегі – ұлы еңбек. Сондықтан да ұлы Абайдың: Ақырын жүріп анық бас, Еңбегің кетпес далаға. Ұстаздық еткен жалықпас Үйретуден балаға,- деп айтуында терең мағына жатыр. Шәкірт санасына білім нәрін сеуіп, ел болашағының өркендерін тәрбиелеп шығару – екінші бірінші қолынан келе де бермейді. Жалпақ жұртқа өнегелі өулетте тәрбиеленіп, ұстаздық жолын таңдаған, білім беру саласында талай жыл аянбай еңбек етіп, көптеген шәкірттерінің білімін дамытуға өзіндік үлесін қосқан жандардың бірі – Суқашева Ира Айсакызы. Ол 1956 жылы 25 қаңтарда Ойыл селосында дүниеге келген. 1973 жылы Н.К.Крупская (қазіргі Ж.Жүсібалиев) атындағы Ойыл қазақ орта мектебін аяқтап, сол жылы Ақтөбе педагогика институтына оқуға түседі. 1977 жылы институтты бітіріп келіп, өзі оқыған мектебіне математика пәнінің мұғалімі болып жұмысқа кіріседі. «Ұстаздық – ұлы іс» деп кемеңгер жазушымыз М. Әуезов айтқандай, бұған лайық болу – үлкен абырой, басты борышым деп есептеген Ира Айсакызы еңбекке араласа сала, қиындығына қарамастан жауапкершілікпен қызмет етті. 1978-1981 жылдар аралығында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сондай-ақ, 1983-1987 жылдар аралығында аудандық кеңестің депутаты, аудандық партия комитетінің мүшесі, насихатшы, үгітші сияқты қоғамдық қызметтер атқарды. 1981-1990 жылдары мектеп математиканы кіріктірілген бағдарлама бойынша оқытқанда, өз тәжірибесін ортаға салып «Математика – 5-класс» әдістемелік құрал жазуға үлесін қосқан білікті ұстаз. Математикадан сабақ бере жүріп, мектепте кәсіподақ ұйымының төрайымы қызметін де атқарып, кәсіподақ мүшелерінің мұң – мұқтажын, мүдделерін, еңбек құқығының бұзылуына қадағалап, оларға әлеуметтік-экономикалық қолдау көрсете білді. Кәсіподақ жұмысын уақыт пен заман талабына сай ұйымдастырып, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді қарапайым еңбек адамдары тағдырына қатысты түйіндерін дұрыс шешуге ат салысты. Ұстаздық жолдың тек бір сатысында кідіріп қалмай, жан-жақты ізденіп, өз білімін жетілдіруден өсте тайынбады. 2011 жылы «Қазіргі мектептің білім беру үрдісінде оқушылардың математикалық дарындылығын дамыту» курсынан өтті. Небір тақырыптар төңірегінде сөз қозғап, ашық сабақтар өткізді. Семинарлар мен тамыз маңсаптарының секциялық отырысында баяндамалар жасап, әріптестерімен қызу ой бөлісіп, өз машығын аудан көлеміне танытты.

Дана халқымыз «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» демекші, ұлағатты ұстазынан білім алып, ұстаздық көсібін таңдап, бүгінгі таңда оқушыларға білім нәрін беріп, ұлы істің игі жолында аянбай қызмет жасап келе жатқан шәкірттері баршылық. Тілегенова Жазира, Салиева Айгүл, Мұхтарова Света сияқты ізбасарлары Ира апайларының жолын қуып, математика пәнінің мұғалімдері атанды, шәкірт тәрбиелеп, ел игілігі үшін еңбек етуде.

Сонғы жылдар мектеп бітіруші түлектердің білімі ҰБТ нәтижесімен саралануда. Ира апайдың математикадан дайындаған оқушылары өр түрлі жоғарғы оқу орындарынан білім алып, «сен де бір кірпіш дүниеге,

Дидар ЕСЕНҒАЗИНА,
Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы.

ПРАЙМЕРИЗГЕ БЕЛСЕНДІ АТСАЛЫСҚАН ҮМІТКЕРЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

БҮГІН «ШҰҒЫЛА МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА» «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫДЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ, АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ, «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫДЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ САКЕН ЗАЙМОЛДИННИН ҚАТЫСУЫМЕН ПРАЙМЕРИЗГЕ БЕЛСЕНДІ АТСАЛЫСҚАН ҮМІТКЕРЛЕР «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ ОРАЗАЛИН ОНДАСЫН СЕЙІЛУПЫНЫҢ АЛҒЫС ХАТЫ САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ ТАБЫС ЕТІЛДІ.

Алғыс хатта «Елбасы «Nur Otan» партиясының Төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен Қазақстанда жалпыұлттық деңгейде тұңғыш рет өткен партияның сайлауалды іріктеуіне белсенді атсалысқандығы үшін сізге алғыс айтамын. Праймеризге қатысу арқылы Сіз бастамашылдық пен азаматтық белсенділіктің үлгісін көрсеттіңіз. Осы саяси дода барысында жинаған тәжірибенің бен біліктілігіңіз келешекте кәсіби маман ретінде сіздің бұдан да жоғары жетістіктерге жетуіңізге сеп болады деп сенемін. Сізге мықты денсаулық, бақ-береке тілеймін. Алдағы уақытта



бұдан да үлкен жетістіктерге жетуіңізге тілектеспін! Біз біргеміз» - екендігі жазылған. Бүгінде партия қатарын шынайы халықшыл азаматтармен толықтыруға және еліміздің қоғамдық-саяси өміріне тың серпіліс әкелетін жаңа көзқарасты саясаткерлердің пайда болуына толық мүмкіндік туғызбақ.

САТИРА САРДАРЫ

БҮГІНГІ КҮН ЕРТЕҢГІ ТАРИХ. САРҒАЙҒАН ТАРИХ БЕТТЕРІН ПАРАҚТАСАҚ ТУҒАН ЖЕР ТОПЫРАҒЫНДА ТҮЫП-ӨСКЕН ҚАНШАМА ТАУ ТҰЛАЛАР ЕСКЕ ТҮСЕДІ ДЕСЕҢШІ. СОЛАРДЫҢ БІРІ САТИРИК, ЖАЗУШЫ ТАБЫЛ ҚҰЛИЯС. АТ ТӨБЕЛІНДІ ҒАНА ШАҒЫН АУЫЛ ҚАРАКӨЛДЕ ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕНІМЕН ӘДЕБИЕТ ТАБАЛДЫРЫҒЫН ЕРКІН АТТАДЫ.

Ол, «Ойыл газетінде» өзіндік қолтаңбасын қалдырған қаламгер. Қазіргі таңда ел жүрегі Нұр-Сұлтан қаласында тұрады. Арқаның төрідейі Ақмоламыз – бас қала болғанға дейін осында ұлт жанашырларымен бірге ана тіліміз бен салт-дәстүрімізді биік тұғырға көтеруге күш салғандардың бірі де Табыл ағамыз болды. Алғашқы кітабы 1977 жылы «Кесілген бұрым» деген атпен жарық көрді. Оның шығармашылығы туралы мақалаларда алдымен ауызға алынатыны «Жыланның тілі» романы сатиралық туындылардың озық үлгілері қатарынан орын алады. Бұл орайда «Кесілген бұрым», «Жалмауыз», «Сауда сақал испасқанша», «Қоңыраулы күліграмма», «Ши оқ», «Қара терең», «Ақ мылтық», «Жегі», «Миа қойылған бомба» жинақтары – сатира жанрының сөнін келтірген нәрлі жинақтары бар. Сатирик-қаламгер Табыл Құлияс өткен ғасырдың 20-30-жылдарындағы қазақ даласындағы аштыққа байланысты Ресейдің ірі қалалары мұрағаттарынан халқымызға, тұлғаларға қатысты бір тың деректер жазып жүргені де бір мәртебе. Быыл жерлесеміз, қарымды қаламгер, сатира сардары Табыл Құлияс 85 жасқа толды. Осыдан тура бес жыл бұрын туған жердің төрінде Табыл ағамыздың 80 жас мерейтойы туған жерде аталып өткен бөріне мәлім. Біз Табыл ағамыздың туған жерге деген ыстық сағынышын, оның жүрегі үнемі ел-жұрт деп соғып тұатынын аңғардық. Еңдеше бүгінде 85 жасқа толып жатқан қарымды қаламгерді жерлестерінің атынан айрықша құттықтаймыз. Деніне саулық, отбасына амандық, қажымас кайрат, сарқылмас күш-құат тілейміз.



Құрметпен: Асқар Қазыбаев, Мұратбай Айдарбаев, Асылан Кенжебаев, Еркін Жиеналин, Ербол Тлепов, Нұрлан Атаалыев, Серікбай Қойбағаров, Тыныштыбай Шалабаев, Сәрсенбай Амангосов, Сәндібек Нұрбаев.

АҚКЕМЕРГЕ ҰЯЛЫ БАЙЛАНЫС ЖЕЛІСІ КЕЛДІ



Ауыз су, ұялы байланыс құралының орнатылуы халық үшін жасалған игі шаралардың бірі. Жаһандандудың тардың бітеліп және қатты қалмауын болдырмау мақсатында ауына бір рет түтін шыққыштардың бас жағын қарап отыру қажет. Есте сақтаңыз, барлық өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормалары адам өмірінен жазылған және осы қандай да бір нормалардың бұзылуы ерте ме кеш пе сізді қайғылы оқиғаға әкеліп соқтыруы мүмкін. Әрбір пеш жеке ірге тасқа салыну және барлық жалпақтығымен ағаш құрылғылардың қандай да бір қабырғасына жақын болмай керек. Олардың арасына саңылау – бөлшек қалдыру қажет. Оттықтың алдындағы ағаш еденге мөлшері 50 * 70 см кем емес теміртабақ (оттық) қағу керек.»

САРБИЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2020 ЖЫЛДЫҢ ІІІ – ТОҚСАН БОЙЫНША ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ә., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Сарбие ауылдық округі өкімінің аппараты	Дәурен Бисебаев Округ өкімі	Қазан 2,6,9,13,16,20,23,27,30 Қараша 3,6,10,13,17,20,24,27 Желтоқсан 1,4,8,11,15,18,22	Жастар көшесі № 11	35-2-20